

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясы арасында Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөнінде келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазанды N 1042 қаулысы

Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың ережелерін іске асыру, сондай-ақ Халықаралық мониторинг жүйесіне кіретін Қазақстан Республикасындағы сейсмикалық станцияларды тиімді дамыту және оларға қызмет көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рахат Мұхтарұлы Әлиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясы арасында Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөнінде келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық
сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымының
Дайындық комиссиясы арасында Ядролық сынақтарға
жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық
мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі
іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі
Келісім

1996 жылғы 19 қарашада Нью-Йорк қаласында қабылданған Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартқа (бұдан әрі - ЯСЖТШ) қосымшада баяндалған Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт Ұйымының Дайындық комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құру туралы қарапдың 12-бабының (b) тармағына сәйкес бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) мен Комиссия бірлесе отырып, Комиссияның қолда бар мониторинг объектілерін түгендеді жүргізу; участекерде іздестіру жұмыстарын жүргізу; мониторинг объектілерін жаңғырту немесе жаңаларын құру және/немесе Халықаралық Мониторинг Жүйесінің (бұдан әрі - ХМЖ) стандарттарына сәйкес объектілерді сертификаттау жөніндегі қызметтің женілдету мақсатында, ЯСЖТШ тиімді орындау мақсатында ХМЖ үздіксіз тестілеуді, уақытша жұмыс істеуі мен қызмет көрсетуін женілдету мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Үкімет және Комиссия осы Келісімнің шарттарын орындауды женілдету мақсатында ынтымақтасады. Қазақстан Республикасының аумағында Комиссия өткізуге немесе Комиссияның атынан өткізілуге тиісті іс-шаралар осы Келісімге 1-қосымшада баяндалған.

2-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Комиссия өткізуі немесе Комиссия атынан өткізілуі тиіс іс-шаралар келісім-шарттың немесе Комиссияның Қаржы Регламентінің ережелеріне сәйкес Комиссия жасаған келісім-шарттардың мерзімдері мен шарттарына сәйкес өткізіледі.

3-бап

Осы Келісімнің шенберінде өткізілетін іс-шараларды Үкіметпен консультациядан кейін Комиссия тағайындастын қызметкерлер штатынан тұратын Комиссия Тобы жүзеге асырады. Комиссияға ауыстыру үшін топтың жаңа мүшелерін ұсыну құқығы берілген жағдайда Үкіметке Комиссия Тобының белгілі бір мүшелерінен бас тарту құқығы беріледі. Комиссия әрбір іс-шара бойынша Топ Жетекшісін тағайындаиды. Үкіметтің өкілі (бұдан әрі - Өкіл) осы Келісім шенберіндегі Үкімет пен Комиссия арасындағы байланыстыруыш тұлға болып табылады.

4-бап

Шекараны қиып өту пунктіне Комиссия Тобының айтылғандай келуіне дейін кемінде 14 күн бұрын Өкіл мен Комиссия Тобының Жетекшісі осы Келісімнің

ережелеріне сәйкес іс-шараларды өткізу үшін Қазақстан Республикасының аумағына Комиссия Тобы әкелуге тиіс жабдықтарға қатысты консультацияларды қоса алғанда, жоспарланған іс-шараларды өткізуді женілдету мақсатында консультация өткізеді. Сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар үшін жабдық ХМЖ қызмет көрсету жөніндегі тиісті Жедел Басшылыққа сәйкес болуы тиіс. Осы консультациялар процесінде Үкімет Қазақстан Республикасының аумағына Комиссия Тобы мен жабдық кіретін және одан шығатын кездегі Қазақстан Республикасының шекарасын қызып өту пункттері туралы Комиссияны хабардар етеді.

5-бап

Осы Келісімнің 4-бабында айтылатын консультациялар кезінде Өкіл осы Келісімге 1-қосымшада айтылған іс-шараларды өткізу үшін Комиссия Тобына Қазақстан Республикасының аумағына кіру және онда болу құқығын беретін құжаттарды ресімдеу үшін қазақстандық Тарапқа қажетті сұратылып отырған ақпарат туралы Комиссияны хабардар етеді. Комиссия бұл ақпаратты консультация аяқталысымен дереу Үкіметке ұсынуы тиіс. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Комиссия Тобына Қазақстан Республикасының аумағына кіру және онда осындай жұмыстарды жүргізу үшін қажетті уақыт кезеңіне қалу құқығы беріледі. Үкімет Комиссия Тобының мүшелеріне қажетті визалардың берілуі мен жаңартылуын тездету үшін шаралар қабылдайды.

6-бап

Комиссия Тобының іс-шаралары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес қазақстандық Тарапқа және Комиссия Тобы өз қызметін жүзеге асыратын объектілерге немесе аудандарға мүмкіндігінше ең аз қолайсыздық келтіре отырып, функцияларын дер кезінде және тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін Үкіметтің қатысуымен жоспарланады. Мұндай қызмет айналыға экологиялық және өзге қауіп тудырмайтындей болуы тиіс.

7-бап

Үкімет Қазақстан Республикасының аумағында болатын Комиссия Тобы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды. 1946 жылы 13 ақпанды Нью-Йорк қаласында қол қойылған БҰҰ-ның артықшылықтары және иммунитеттері туралы Конвенцияның ережелері осы Келісімнің ережелерін орындау кезінде Комиссияның қызметіне, оның лауазымды тұлғаларына және сарапшыларына қолданылады.

8-бап

Үкімет осы Келісімнің шеңберінде тиісті ұйымдардың Комиссия Тобымен ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады. Комиссия Өкілге осы Келісімнің шеңберінде жүргізілетін жұмысқа қатысты ақпаратты дер кезінде толық көлемде беріп отыруға міндеттенеді.

9-бап

Үкімет пен Комиссия 4-бапта көрсетілген консультациялар уақытында Комиссия Тобының Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге арналған жабдықтарының тізімін алдын ала дайындаиды. Үкімет Комиссия Тобының қызметін өткізуі үшін осы жабдықтың қажеттілігі мен жарамдылығына көз жеткізу үшін, Комиссия Тобының Қазақстан Республикасына әкелген жабдықтарын тексеруді жүргізуге құқығы бар. Қазақстан Тарабы, егер Комиссия Тобының Жетекшісі оның қатысуы қажет деп санамаса, тексеруді Комиссия Тобы Жетекшісінің қатысуынсыз жүргізуге құқығы бар. Топ Жетекшісі сақталу мақсатында Өкілді ерекше қарауды немесе сақтауды талап ететін жабдық туралы хабардар етеді. Ол туралы ақпарат Өкілге шекарадан қылышу нүктесіне Топ келмestен бұрын беріледі. Үкімет Комиссия Тобы әкелген жабдықтың сенімді қауіпсіз орында сақталуын қамтамасыз етеді. Жабдықты тасымалдау кезіндегі кідірістердің алдын алу мақсатында Үкімет жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағына әкелуіне және әкетілуіне қатысты ұлттық заннама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуде Комиссия Тобына жәрдемдеседі.

10-бап

Осы Келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасына әкелінетін Комиссияның жабдығы мен басқа мүлкі кеден бажынан босатылады. Өкіл осы жабдық пен мүлік үшін кедендік рәсімдерді женілдетуге жәрдемдеседі. Мониторинг объектілерінде тұрақты орнату үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жабдыққа арналған құқық жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сәтінен басып Үкіметке қайтарусыз беріледі.

11-бап

Комиссия, оның мүлкі, кірісі және осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген басқа меншігі Қазақстан Республикасының тікелей салықтарынан босатылады. Тараптар осы Келісімнің

ережелері бойынша қызметтер көрсетуге арналған мәмілелер мен келісім-шарттар жасасу кезінде Комиссия төлеген бағаның бір бөлігін құрайтын салықтардың төленген сомасын қайтару жөнінде қажетті әкімшілік шарапарды қабылдайды.

12-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өткізілген іс-шаралар бойынша бір Тараптың орындаған кез келген мәліметтері және ресми есептері екінші Тарапқа ұсынылады.

13-бап

Осы Келісім мүдделерінде ХМЖ станцияларында сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар мынадай екі талапты қанағаттандырғаннан кейін дереке басталатын болады:

1) сертификаттау жөніндегі басшылыққа немесе ресімдерге сәйкес Комиссияның ХМЖ станцияларының сертификатталуы, және

2) егер Комиссия және тиісті ұйымдар арасында жасалуы объектілерді пайдалану және қызмет көрсету үшін қажет болса егжей-тегжейлі қаржылық келісімді қоса алғанда, Комиссияның бюджетін бекіту.

14-бап

Сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар бойынша ынтымақтастық мыналарды қамтиды:

1) Тараптар жасасқан ресімдер мен келісімдерге сәйкес Үкіметтің объектілерді тестілеуі, олардың уақытша пайдаланылуы, қызмет көрсетуі. Халықаралық Деректер Орталығы ("ХДО") сапасы жоғары және сенімділігі жоғары дәрежедегі деректер алуына кепілдікті қамтамасыз ету үшін бұл ресімдер ХМЖ қызмет көрсету жөніндегі Басшылық пен келісіледі;

2) Үкіметтің Комиссияға ХМЖ жедел Басшылығымен көзделген тестілеу, уақытша пайдалану үшін және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жабдықтарға қызмет көрсетуге қажетті, Комиссия үшін қолайлы тарифтермен және Комиссияның тиісті бюджеттік шешімдерімен коммуналдық қызметті ұсынуы;

3) Үкіметтің ұлттық заңнамаға сәйкес байланыс арналары үшін қажетті тиісті жиіліктерді сұрату бойынша ұсынуға кепілдендіруі;

4) Үкіметтің ХДО объектілері Жедел Басшылығында белгіленген форматтар мен хаттамаларды пайдалана отырып тіркеген немесе жинастырған деректерді тапсыруы. Деректердің бұлай берілуі неғұрлым тиімді тәсілмен және ең аз шығынмен тікелей тиісті станциядан және Ұлттық Деректер Орталығынан жасалады. Комиссияға деректер берудің барлық түрлері Үкімет белгілеген ең төменгі тарифтерден аспауы тиіс көрсетілген қызметтердің құнымен тікелей байланысты алымдардан басқа,

салықтардан және басқа міндettі төлемдерден бос болады;

5) Үкіметтің объектімен байланысты, ақпараттық желілерді, далалық жабдықтар мен датчиктерді қоса алғанда, объектілер мен жабдықтардың табиғи сақталуын қамтамасыз етуі ;

6) Үкіметтің ХМЖ Жедел Басшылығына сәйкес барлық объектілердегі құрал-жабдықтарды калибрлеуді қамтамасыз етуі;

7) Үкіметтің Комиссияны ХДО-ты ақпараттандыру проблемаларының туындағандығы туралы, бүліну себептері туралы хабардар етуі және оларды жоюдың күтулі уақытын көрсетуі. Үкімет, сондай-ақ Комиссияны қандай да болмасын объектіден түсетін деректердің сапасына әсер еткен қалыпсыз құбылыстың пайда болған уақыты туралы хабардар етеді;

8) Комиссия Үкіметпен Комиссияның жабдықтар мен байланыс арналарын тексеру және жабдықтар мен Үкімет жауапкершілікте болатын өзгерістерден басқа, өзге де пайдалану рәсімдеріндегі қажетті өзгерістерді орындау мақсатында объектілерге қол жеткізу рәсімдері жөнінде консультациялар өткізуі. Мұндай рәсімдерді орындау үшін Комиссияның 1-қосымшада көрсетілген объектілерге енуге мүмкіндігі болуы тиіс.

15-бап

Қазақстан Тарабы осы Келісімнің шеңберінде Комиссияның қажет болған кезде 1-қосымшада көрсетілген кез келген объектіні тестілеуге және уақытша оның жұмысына қатысты немесе ХДО деректерінің берілуіне қатысты сұрау салуларына мониторинг объектілері бойынша шұғыл ақпарат беруін қамтамасыз етеді. Бұл жауаптар тиісті объектінің Жедел Басшылығында көрсетілген форматтарда орындалады.

16-бап

Осы Келісімнің орындалуына қатысты құпиялыштық ЯСЖТШ-ке және Комиссияның тиісті шешімдеріне сәйкес қаралатын болады.

17-бап

Комиссия табиғи қауіпсіздікті қоса алғанда, объектілерді тестілеу, уақытша пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі деректердің ұқсастырылуымен келісілген рәсімдерді қолдану жөніндегі үлгілердің берілуі, ХМЖ станцияларынан және Деректердің Ұлттық Орталығынан ЯСЖТШ-ке сәйкес ХДО деректерінің берілу шығыстарын көтереді.

18-бап

Осы Келісімге 1-қосымшада айтылған әрбір іс-шара аяқталысымен Комиссияның шешімі бойынша Қазақстан Тарабына объектінің ХМЖ бір бөлігі ретінде тиісті жұмыс істеуін қолдау үшін техникалық көмек көрсетіледі. Комиссия, сондай-ақ Комиссияның бекітілген бюджет шегінде тиісті коммуникациялық құралдарды уақытша пайдалану және мониторинг объектілеріне қызмет көрсету кезінде техникалық көмек көрсетеді және қолдау көрсетеді.

19-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауға қатысты Тараптар арасында пікір қайшылықтары немесе даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды тездетіп шешу мақсатында мәжіліс өткізеді. Егер Тараптар ортақ келісімге келе алмаған жағдайда екі Тарап та олардың шешілуіне көмектесу және ықпал ету үшін Комиссияның Жалпы отырысына жүргіне алады.

20-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Тараптар, егер қажет деп тапса, қосымша келісімдер жасауы мүмкін.

21-бап

Осы Келісімге 1-қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Келісімнің 1-қосымшасы мен мәтініндегі ережелер арасында пікір қайшылықтары орын алған жағдайда, осы Келісімнің ережелері артықшылыққа ие болады.

22-бап

Комиссия осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік ресімдердің орындалуы туралы Қазақстан Республикасының хабарын алған күннен бастап осы Келісім күшіне енеді. Осы Келісім ЯСЖТШ күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымы арасында жана Келісім жасалғанға дейін күшінде қалады.

200 жылғы "___" ____ үш түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қол қойылды. Даулар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүргінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Дайындық комиссиясы үшін

Ядролық сынақтарға жан-жақты
тыйым салу шарты ұйымының

(қолы)

(қолы)

(аты-жөні және лауазымы)

(аты-жөні және лауазымы)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық
сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарты үйімінде
Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынақтарға
жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық
мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі
іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу
жөніндегі келісімге

1-қосымша

1. Халықаралық мониторинг объектілерінде төменде ұсынылған іс-шаралардың біреуінің немесе барлығының өткізілуі талап етілуі мүмкін:

- | | |
|-----|-----------------------------------|
| 1 . | Т ү ғ е н д е у . |
| 2 . | А л а ң д ы з е р т т е у . |
| 3 . | Ж а б д ы қ т ы о р н а т у . |
| 4 . | Ж а ң ғ ы р т у . |
| 5 . | Т е с т і л е у ж е н е бағалау . |
| 6 . | С е р т и ф и к а т т а у . |

7. Сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар.
2. Қазақстан Республикасының аумағындағы Халықаралық Мониторинг Жүйесінің мониторинг объектілері

1. Мақаншы MKAR

PS23 сейсмологиялық станциясы Тұрпаттық топ

2. Бурабай BYAR

AS57 сейсмологиялық станциясы Тұрпаттық топ

3. Курчатов KURK

AS58 сейсмологиялық станциясы 3-C>тобы тұрпаты

4. Ақтөбе AKTO

AS59 сейсмологиялық станциясы 3-C тұрпаты

5. Ақтөбе

IS31 инфрадыбыс станциясы